

ҚҰБЫЖЫҚ

Жетеген қойшы болды. Әкесі Әліпбайдың босағасына өмірбақи жалғыз тұяқ бітіп көрмегені, қалада туып-өскені - бұл кәсіпке баруына бөгет бола алған жоқ. Өзімен бір мектепте оқыған жастар: Қойға аттанамыз!» деген көппен бірге Жетеген де кетті.

Дәм оған «Аманқыстау» совхозынан бұйырған екен. Совхоздың бас зоотехнигі Бөдене Іңқарбеков болашақ қойшыны Мұқыры деген жердегі бір отар қойға алып келді. Мұндағы қойшы Шілікбай шал содан біраз уақыт бұрын дүние салып, екі баласы мен әйелі - Салиха қалған-ды артында.

...Айдалада жалғыз киіз үй. Қой жатыр дөңгеленіп. Шілікбайды «жұтқан» ер-тоқымды күрең шолақ жүр, жайылып. Жетеген осының бәрін сонадайдан көріп келеді.

- Бұл араның суы тапшы, оты сұйық келеді, інішек, - дейді зоотехник Жетегенге шаруашылық жайын таныстырмақ боп. - Өріс кең әйтеуір... Мал қысы-жазы аяғынан жайылады. Бірақ алдыңғы жылы қыс қатты болған еді, қой дегенін... шыбындай қырылып қалды, аксирақ боп...

«Қырылып» дегенде-ақ, Жетегеннің жүрегі тұр ете қалды. Бұған дейін бірде-бір малдың аштан өлгенін өз көзімен көрмеген адамға оңай тиер ме, мұндай бықыртты сөз! Осыны сезе қойды ма, немене, Іңқарбеков:

- Біздің шопандар ешбір қиыншылықтан қорықпайды, - деді сөз аяғын сұйылтпақ боп. - Қой деген өле де, өне де жатады. Іңдеттен, жұттан өлгеніне шопан кінәлі болмайды, ал қазына малын ұрыға алдырсаң, қасқырға жегізсең, айтпады деме, басың кетеді!

Әрине, соңғы сөз де Жетегенге «қырылып қалдыдан» кем тиген жоқ. Дегенмен, қасқыр, ұры, жұт деген сияқты «жаңалықтарға» оның құлағы үйрене бастағандай. Алдында әлде бір қызық дүние күтіп тұрған сияқты болады...

- Мына бір қыршының кім селкілдетіп алып келген? - деп Салиха дүрсе қоя берді, Іңқарбековке, салған жерден.

- Шілекеңнің орнына, - деді зоотехник биязылап. - Өз қолыңызда болады. Аз уақыт көмектессеңіз, одан әрі өзі-ақ алып кетеді дөңгелетіп. - Өте бір жақсы бала!

Шай ішіп, жайғасқан соң: «үйің міне, малың әне, Жетеш...» деп Іңқарбеков кетті аттанып.

Жас шопан қалды жұмбақ тіршіліктің қақпасы алдында. Бір тәуір жері алғашқыдай емес, Салиха да оны қарағым-шырағым-дап ішке тарта бастағандай. Оның да өз есебі бар, әрине. Шілікбайдың тек қалқиып қой соңында жүргені болмаса, бар жұмысты Салиханың өзі басқарып, өзі тындыратын. Ал егер Жетегеннің орнына аюдай ақырған ырық бермес біреу келсеші? Одан да осы тиімді емес пе, Салихаға...

Сол күннің ертеңіне-ақ күрең-

нің ортасына отырып, «жан серігі» екі қара ала шұнақ төбетті ертіп, Жетеген отарлы қой соңына түсті. Отар болғанда да мұның өзі бір ерекше отар еді. Қой деген бір өң келеді десетін еді, бұл олай емес: қара ала, торы ала бірдене. Түстері қандай болса құйрықтары да сондай. Дөңгелек құйрық, салпы құйрық, таңқы құйрық, шұбатылып жатқан... сілеусін құйрық, - неше алуан. Еркегі, ұрғашысы аралас. Қой ішінде жүзден аса ешкі, екі есек, төрт тана және жүр. Бәрінің өрісі, күйсеуі, жусауы бір.

Жетеген бірте-бірте көндіге бастады. Алғашқы кезде орталыққа барып қидырып қайтқысы келіп қыңқылдаған да кезі болған еді, бірақ Салиха орталықты дымын қоймай жамандап, оның үстіне «басың кетедімен» шошытып олай қарай кнә бастырмады. Салиханың өзінің туған шешесіндей жаны ашитынына көзі жеткен Жетеген оның айтқанын екі ете алмады.

Қойшы өндірісті игеру үстінде. Қойды өргізу, жаю, суару, жусатуы үйренді. Анау есек, тана, ешкі біткен қоспа екен. Салиха бұларды "ағайын-туыстың, совхоз қызметкерлерінің жеке меншігі, көзіңнен таса болмасын, қарағым» деп тапсырды оған.



Сонымен жүріп жаз да өтті. Мал басы қыстан аман шығып, төл алу науқаны келді. Февральдан басталып еді, бірлі-жарымдап... қазір төгіп жатыр үсі-үстіне, Өлген-жіткені жоқ. Жетеген Әліпбаев көрсеткіші тәуір шопандар санатында!

Қысқасы, жұмыс жаман емес. Көңіл орнында. Өттен, тек осы бір «төкпесі» түскірдің тұсында көз көріп, құлақ есітпеген, бар кенже қитық тап болды. Әйтпегенде... несің айтасың!

...Түнде күзетте тұрған Салиха күн көтеріле оянып тысқа шықса Жетеген қойын ерте өргізіп кеткен екен. Аласа шарбақ ішінде таңға жақын қоздаған оншақты саулық тұр. Қозылары баурында... Әлден соң шарбақ жанына келіп сиыр сауға отырған Салиха көк желкесінен: «Меге-ке-хе!» деген бір тосын дыбысты естіп жалт қараған бойы:

- Ойбай! - деп сол жағына қылжия кетті. Сәлден соң ептеп қолтығының астынан сығалап қара-

са: екі кезі тесірейген бірдене тұр селтип! Не лаққа, не қозыға ұқсамайды. Төбесінде болашақ үш мүйіздің нышаны көрінеді, шошайып бұзау тұмсық. Салпаң құлақ. Шұбалаң құйрық... Бітеу тұяқ! — «Шайтан, шайтан!» деп Салиха көкжал бетін баса қалды...

Иә. Бұл «нәрестенің» сиқы ешбір шайтаннан кем емес-ті. Қойдан келген Жетегенді Салиха алдынан шығып құшақтай алды:

- Қарағым-ай, не болдык. «Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан» деп... не болдык! Елде жоқ, күнде жоқ бір құбыжыққа тап болдык...

Әңгіменің мән-жайын түсініп боп «құбыжығын» әрлі-берлі айналдырып көрген соң, Жетеген орталыққа төпеді күренмен. Немене, ертеңіне сәске түсте совхоз директоры Көпес Тілеуов пен сельсовет председатели Тәуекел Ізбасаров бастаған бір топ адам сау ете қалды.

- Уә, қайда әлгілерің? — дейді директор үй сыртында тұрып.

«Қозысың» көтеріп шарбақтан алып шыққан Жетеген:

- Мінеки апамның «шайтан» деп жүргені осы! - деп Ізбасаровқа жақындай бергені сол еді.

- Тарт әрі! - деп ол сырт айналды. - Басың әрі қарат!

Жұрт таң-тамаша. Бірі құйрығынан тартса, екіншісі қылтиған мүйізінен ұстайды...

- Ой сұмдық-ай!

- Бұл не деген жануар екен, зады?!

- Қайдағы жануар! - дейді Ізбасаров күйіп-пісіп. - Бауыздап тастандар... барынан - жоғы.

- Таке, мұныңыз дұрыс емес, дейді директор салмақпен. - Бұл шайтан да, сапалақ та емес - будан. Онда да төрт түліктің белгілерін бойына жинай білген будан.

- Сонда бұдан не алмақсың? Жүн, сүт?... Бауыздау керек!

- Жоқ көрерсіз, ғылыми-зерттеу жұмысы үшін аса зор маңызы болмақ мұның. Мал тұқымын асылдандыру саласында бұрын-соңды кездеспеген жаңалық бұл.

- Әлбатта, екі басты бұзаудың өзін әулиедей көріп, барлық газет басты емес пе! - дейді Іңқарбеков.

Немене, қолма-қол акт жасалып, документтер іреттелді. Құбыжықтың басы сыртқа шығарылып тұтқалы жәшікке шегеленді. Отар иесі Жетеген Әліпбаев жәшігін құшақтап директордың машинасына барып отырды.

Сонымен, аманқыстаудың нысаналы буданы астанадағы ғылыми-зерттеу мекемесіне жөнелтілді. Бұл жаңалық шаруашылыққа, қала берді ауданға қандай афрой-атақ әпереді, - бұл жағы әзір әрине, мәлімсіз. Ал машинаның әйнегінен қарап кемсендеп отырған Жетегенге:

- Есен барып, сау қайт, қарағым... тек алдыңдағы пәленді бұ жаққа қайтып әкеле көрме! - деп Салиха қалды.